

The background features a vibrant blue sky filled with numerous white, multi-pointed starburst effects. In the upper left corner, a large white flower with a bright yellow center is prominent. The lower portion of the image is dominated by clusters of small, delicate white flowers, likely snowdrops or similar spring blooms. A blue ribbon with a white border and a string of pearls are also visible, adding to the elegant and celebratory feel of the composition.

**Жақсы көңіл-
күй жан
тыныштығы**

**“Еліміздің ертеңі бүгінгі жас
ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың
тағдыры ұстаздардың қолында”**

Н.Ә.Назарбаев



Мақсаты: Мұғалімнің кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл – күйін көтеру. Ұжым арасындағы байланысты нығайта отырып, эмоционалды жігер беру, бірін - бірі кеңірек танып білуге, қатысушылардың өз мүмкіндіктерін шамалауға және күз мезгіліндегі шаршағандықтарын төмендетіп, көңіл күйлерін көтеру.

«Сәлемдесу»

Ұстаздарға сәлемдесудің 5 түрлі эмоциямен айтылуы ұсынылады.

Қатысушыларға карточка таратылады.

КАРТОЧКАДАҒЫ СӨЗДЕР:

Қорқынышпен

Қуанышпен

Беделді сәлемдесу

Таңғалып сәлемдесу

Ренішпен сәлемдесу

• «Көңіліңді көтере біл»

Ойыншыларға орындықта отырып билеуді ұсыну:

А) тек аяқпен

Ә) тек қолмен


Б) тек баспен

В) тек көзбен

• Болжам-ойын «Менің бейнем».

Нұсқау: қатысушылар слайд арқылы көрсетілген бейнелерден біреуін ойша таңдайды. Негізгі 5 бейне көрсетіледі: қоян, жолбарыс, сиыр, құс, тасбақа.

Таңдалған бейне бойынша оларға психологиялық мағлұмат беріледі.



«Қимыл-қозғалыс арқылы жауап беру»

Қойылатын сұрақтар.

Кім көңілді? (күлу, смайлик)

Кімнің шашы қара? (қолмен шашын серпіту)

Кімге ақша керек? (үш рет қол соғу)

Кім өзін бақытты деп санайды? (аяқпен дыбыс шығару)

Кімге үй керек? (қолмен үй көрсету)

Кім ақылды? (бас ұстау)

Кім сұлу? (екі қолмен беттері ұстау)


Кім мейірімді? (қос қолдап жүрек тұсын ұстау)

Кім өзінің мамандығын ұнатады? (екі қолмен тізесін соғады)

«Суреттегі ой» жаттығуы:
экраннан суреттер
көрсетіледі.

Тренер сөзі: экрандағы
суреттерге байланысты әр
топ өз ойларын,
түсінгендерін айтып ой
бөліседі.

1 тапсырма: ақ қағазға салынған төртбұрыш ішінде қара нүкте орналасқан.



Мұғалімдер ойы:

Тренер талдау:

Ортасында қара нүктесі бар ақ кеңістік. Бұл бала алғаш дүниеге келгенде ақ қағаздай, сол қағазға ата-анасымен біздердің салған бейнеміз қаншалықты дұрыс болса, сол нәтижесімен салыстыруға болады.



**2-тапсырма: Жарқын шуағын төккен күн
шуағының астында әр ұлттың баласы қол ұстасып
тұрғаны бейнеленген.**



Мұғалімдер ойы:

Тренер талдау: **Сыртқы түстері әр түрлі болғанымен бұл балалардың жан дүниесі бірдей, сондықтан ұлағатты ұстаздар оларға күн сәулесіндей бірдей мейірім шуағын төгеді.**



3-тапсырма: Біреуді нұсқап тұрған сұқ саусақты бейнелеу.



Мұғалімдер ойы:

Тренер талдау: **Біз сұқ саусағымызбен өзгені көрсетіп тұрғанда өзге үш саусағымызбен өзімізді көрсетекенімізді аңғара бермейміз. Ендеше біз әлдекімді кінәләғанда, өзіміздің кінәміз бар ма, жоқ па, осы жағына көңіл бөлуіміз қажет. Кінәні өзгеден емес, өзімізден іздейік . сіздердің жауаптарыңызда керемет болды, рахмет!**



**Тапсырма: Түнгі аспан, жымындаған жұлдыздар
жарығы сөнбеген бір үй бейнеленген...**



Мұғалімдер ойы:

**Тренер талдау: Түн. Айнала
жым-жырт. Аспанда
жымындаған жұлдыздар,
ел ұйқыда бірақ ояу бір кісі
бар.**

**Ол- мұғалім. Ол қанша
жыл ұстаз болғанымен,
жұмыста да, үйдеде, ертеңгі
сабағына үлкен
жауапкершілікпен
дайындалып келеді.**


**Құрметті әріптестер
менімен келісесіздерме?
Керемет, жарайсыздар!**



Жаттығу « Менің мінезім»

Әрбір қатысушы білезіктей шеңбер сызып, оны төртке бөледі. Әр бөлікке жақсы көретін жануар, аң, құс аттарын жазып шығады.

www.lesyadraw.ru
УРОКИ РИСОВАНИЯ КАРАНДАШОМ ПОСТАПНО



1. Үйде


2. Жұмыста

3. Жолдастарының
арасында

4. Өзіндік
баға

Түйе- шыдамды, ат – жылқы тектілік, сиыр – өкпелегіш, қой – жайдарлылық, ешкі – ұйымдастырушылық, ит – адалдық, мысық – би өрісі басым адамдар, тауық – шығармашылықпен айналысады, үйрек, қаз – ұқыптылық пен тазлық, үкі, байғұз – сақтық, қарлығаш – бауырмал, ақ көгершін, аққу – сезімді жоғары бағалайтындар, жыртқыш аңдар – қайратты, жігерлі адам- түлкі – бейімделгіш, жыртқыш құстар – сұсты адам, балық – еркіндікті қалайды, сайрайтын құстар – әнді жақсы көретіндер, елік, киік, тауешкі – талғамы жоғары адамдар, маймыл – әртістік қабілеті, жылан – салқынқандылықты, тасбақа – мейірімді, тиін, қоян – елгезектік, қырғауыл – күйгелек.

Жаттығу «Кездескенше» (Барлық қатысушылар шеңбер жасап түрегеп тұрады).
Менің қолымда кішкентай ғана сиқырлы күн бар. Ол сіздерге жылу, қуаныш, табыс, бақыт, сүйіспеншілік сыйлайды. Сіздер оны бір-біріңізге бере отырып, тренинг туралы өз әсерлеріңізді, қалай болғандығы жайлы айтып, пікірлеріңізді білдіресіздер, әрине, осымен бірге әріптестеріңіздің атына өз тілектеріңізді жолдайсыздар.



*Бәріңізге көп-көп рахмет
айтамыз!*

*Сіздерге кәсіби қызметтеріңізде
табыс тілеймін!*

